

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АҚТӨБЕ



1924-2024

ЖЫЛ

ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫЛНАМАСЫ



4 870220 330029



Сондай ұлағат иелерінің бірі Мұханбедін Нұрбергенов еді. Оның мұғалімдік жолын бастаған өткен ғасырдың елуінші жылдары ауыл-егде мұғалімінің бәделі ерекше жоғары болатын. Мектепте білім алып отыраған шәкірттері түпті ауыл адамдарының өз оның алдынан кеше өтпейтін. Әлдебір мәселе болса, мұғалімге кәліп жүгінетін. Соған сәй соң кездің оқытушылары да білімді, саяси жағынан жетілген, тіпті жүріс-тұрысы, киім киісе-дейін өзгелерге үлгі болатын.

Сағыз өзенінің бойында дүниеге келіп, балаң кезінен өсем табиғат аясында ізгілік пен жақсылыққа құлтар болып өскен бозбала Мұханбедін өсе келе мұғалім болуды армандайды. Сол оймен он бес жасында Ақтөбе педагогикалық училищесіне оқуға түседі. Бұл білім ордасында ол өзінің үлкен өмірге өзінгілігі басталып кеткенін сезінеді. Сондықтан сабақтан тыс уақытында қаланың көрікті жерлерін аралап, кітапханаларға жиі барып, әдебиет әлемін танауға ұмтылады, өнер туындыларымен таныса бастайды.

Педагогикалық училищені бітірген жас маманды өз туып-өскен Байғанин ауданына жібереді. Сөйтіп, шағалдайды Сам жеті жылдық мектебінің мұғалімі болып қызметке кірісіп кетеді. Алғашқы қадам, әрине, оңайға соқпайтыны анық. Сондықтан бұрыннан тәжірибесі мол аға басы өкілдерінің тәжірибесіне жүгінеді, олардың ақыл-кеңесіне құлақ түреді. Осында екі жыл еңбек еткен соң білімін одан әрі жетілдіру керектігін ұғынады. Сөйтіп, Орал қаласындағы педагогикалық институтқа баруға талап қылады. Аталған жоғары оқу орны қабырғасынан география пәні мұғалімі мамандығын алып шығады.

Оның ендігі мұғалімдік еңбек жолы Жарқамыс орта мектебінде жалғасады. Аудан орталығы болған, жан-жақтан байланысы мол жерде ол жылдан-жылға тәжірибесін мөліп-түсіп, ара-арасында түрлі курстарға барып, өзге мектептерде ететін пәндік семинар-кеңестерге қатысып, аз ғана мерзім ауқымында алдығы қатардан көріне бастайды.

Жарқамыста жас ұстаздың жетілген, қалыптасқан кезеңі өтіп жатты. Ол осында өзінің аяулы серігі Ғалиямен шаңырақ көтереді. Олардың жарасымды отбасында сегіз перзент дүниеге келеді. Отағасынан ерте қалып, ұлы Мұханбедін мен қызы Қанзияны қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтықтай өсірген абзал ана — Нақаш әже немерелерін бауырына басып, алғанды да тәрбиелейді. Олардың ішінде ер балаларды бірыңғай өзіне меңшектіп алады екен.

Аудан орталығы Қараяуылкөгіде көшіп, жаңа мекенге келген соң балалар осындағы Комсомолдың 30 жылдығы атындағы мектепте оқи бастайды. Сонда тоқсан қорытындысы бойынша өтетін ата-аналар жиналысында Мұханбедіннің өзі қатысып, әрқайсысының сабақ үлгерімін қадағалауды назардан тыс қалдырмайды.

Бастауыш кластарға сабақ беретін Мұханбедін ағаның сүйікті жары Ғалияның небәрі қырықтын үстіне енді көтеріліп келе жатқанда өмірден өтуі жағпы бұлтеке үлкен қайғы өкпеді. Қолбалалы үйдің берекесі ер ұйытқысы болып, шаңырақтың шырайын шығарып отырған аулы жаңын мезгілсіз өмірден өтті, ең алдымен азаматтың жүрегіне салмақ түседі. Құны сөйте ол өзін жігерлендіріп, балаларын жетімсіретпейді ойлайды ең алдымен. Қанда қиналса да, анасынан

Ұстаз ұлағаты — мәңгілік. Ол өзінің алдынан өткен шәкірттері, тәлім алған оқушылары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Адам қандай биікке көтерілсе де, өзінің болашағына жол сілтеген, маңдайынан сипап, арқасынан қаққан ұстазын ешқашан ұмытпайды.

ҰСТАЗДАН ҚАЛҒАН ҰЛАҒАТ

айырылып, жан-жағына алаңдап қалған балапандарының жүздерін кіреуке шалмаса екен деп ойлайды. Үй жағына көбірек алаңдағандықтан да аудандық білім бөлімінің меңгерушілігі қызметін өз өтінішімен тапсырып, бұрын атқарған аудандық партия комитетінің нұсқаушылығы қызметіне қайта оралады. Сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, талабы қатаң басты Сматогла Берқимбаев шаруаның үйлестіріп отырған білікті кадрды жібергісі келмегенімен, жағдайға байланысты амалсыздан рұқсат береді.

Бір кездері аудан орталығы болған Жарқамыстағы орта мектеп — талапты түлектерімен, білім сапасының жоғарылығымен, мұғалім кадрларының мықтылығымен кезінде аты шыққан білім ордасы. Ел еңсесін көтеріп бастаған елуінші жылдары жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бітірген жас ұстаздар осы мектепке топ-тобымен келе бастайды. Олар ауылға ерекше бір жылы леп ала келеді. Олармен бірге жаңаша мәдениет, өзгеше өнеге келеді елге. Жас мұғалімдердің киім киісе-дейін өсіп келе жатқан өркен — шәкірттерге оң әсерін тигізеді. Сол тұста Мұханжол тұстас-қатарлары Өтеміс Тойжанов, Орынбасар Мұнайғасов, Алмадыр Нәріков, Сабыржан Тойманұлов, Тельман Отаров, Сүңдет Сарыбаев сияқты жас та болса, ауданның айтулы азаматтары қатарынан көріне біледі. Олар, бір жағынан Жарқамыс орта мектебінің атағын шығарып, екіншіден, көптеген іргелі істердің ұйымдастырушылары да бола біледі.

Аудан орталығының Жарқамыстан теміржол бойындағы Қараяуылкөгіде көшіріліп көптеген тың өзгерістерге де жол ашты. Өзгеше жігерлі жас кадрларды іріктеу, оларды орналастыру мәселесіне көп көңіл бөліне бастады. Сол уақытта іскерлігімен, өзгештілігімен көріне бастаған Мұханбедін аға аудандық партия комитетіне нұсқаушылық қызметке алынады. Нұсқаушыға жүкестер міндет көп. Соның ішінде ең жауаптысы — аудандық партия комитетінің бюро мәжілісіне күн тәртібіне байланысты материалдарды өзгілеу. Ол үшін белгіленген шаруашылықтағы не мекемедегі атқарылған жұмыстар ауқымымен танысып, былайша айтқанда, тиянақтап тексеріп, барды бар, жоқты жоқ деп айтуыңыз қажет. Бұл, бір жағынан, қызметкерден принциптілікті талап етеді. Бұл қызметте Мұханбедін аға тиянақтылығымен, тұрашылдығымен көрінеді.

Нұсқаушылық қызметтен оны аудандық білім бөлімінің басшылығына жібереді. Мектеп проблемаларын жасы білген ерлі партиялық жұмыста сынан өткен оның алдында тың міндеттер тұр еді. Бұл іске ол қызу кіреді, өзі жас кезінен еңбек жолын бастаған саланың мәселелерін кең ауқыма қарастыра бастайды, кадрларға қамқорлық жасалып, талап деңгейі артады. Мұханбедін Нұрбергеновтің басшылыққа келуімен сол кезде ауданның ағарту саласында көптеген өзгерістер орын алды.

...Зайыбынан ерте айырылған оның басты парызы — балаларын ержеткізіп, қатарға қосу, жақсы жол көрсету болды. Үйдің үлкені Серік Алматыдағы Қазақ политехникалық институтының мұнай-газ факультетінде оқып, оны бітіргеннен кейін осы салада жемісті еңбек етті. «Мұнайгаз саласының үздік қызметкері» төселіспен марапатталып, құрметті еңбек демалысына шықты.

Ал одан кейінгі Сергей, Ерік, Айтбай — жоғары білімді мамандар, олар-

дың бәрі де ортасына танылған сәтте теміржолшылар Сергей — «Құрметті теміржолшы» төселгісінің иегері. Құрметті Ләзиза, Айгүл, Ақжүзгі ұстаздық мамандықты тандап, ата-аналарының жақсы жолын жалғастырды. Бүлет келіндері Гүлназия, Зоя, Қанзия, Айгүл, Зәуре — барлығы да шәкірттерге дәріс беріп, ұлағат өрісін кеңейткен жандар. Олардың алды бұлше құрметті демалысқа шықты. Балапандардың ішіндегі екі қыз Әлия мен Ғалия медбик болып, адам денсаулығын арашайтын болып халыққа қызмет етуде.

Мұханбедін өлетінде атасының жиыратты ғұмырын немерелері, жас буын ұрпағы лайықты жалғастырып келеді. Алып ең жасында мәңгілік мекеніне аттанған абзал өке осы күнді көріп, бала-немерелерінің қызығына біраз беленгенде де артық болмаса еді-ау деп ойлайды перзенттері.

«Әжемнің туған жері — Алтай өңірі, Сарытоғай жері. Бұл жерде бүкіл ағайын-туысқа мың да бір рақмет, өкпемді жалғызсыратпай, көкке көтерді, құрмет тұтты, талай басына іс түскенде, тағдырдың сынағына ұшырап, анасынан, жарынан айырылғанда ердайым қасынан табылды, қолтығынан демеді. Әкем де осындай қамқорлық көрсеткен ағайын-туыстарынан кемегін алған жоқ деп ойлаймын. Біздің берімізді туған жеріміз — Жарқамыс, Серік, мен, Сергей, Айгүл, Ақжүзгі деп ат қойған балалары осында өмір өсініп аштық, тек 1967 жылғы іні Еркістен бастап Қараяуылкөгіде дүниеге келді», — дейді өз естелігінде қызы Ләзиза.

Мұханбедін ағаның алдындағы апасы Қанзия Бақтыяр деген азаматқа тұрмысқа шығып, елдегі сыйлы отбасылардың бірі болады. Бақтыяр аға Сам бойында байланыс мекемесінде жұмыс жасайды. Ол кезде орталықтан байланыс рация арқылы жүреді. Сондай жауапты қызметті тізгіні ұстаған ол өзіне тапсырылған міндетті әрдайым абыроймен орындайды. Ал Қанзия ана айналасына мейірмді, көршіге қайырылды, жан-жағына жұғымды адам болғанын замандастары күні кешеге дейін айтып келді.

Жаппы Мұханбедін аға өзінен кейінгі жастарға қамқорлық көрсетіп, қатарға қосуды азаматтық парызы санады. Мәселен, інісі Аяубты кезінде жақсы мамандық алып шыққан деп Ақтөбе медицина институтына оқуға апарды. Мектепті күміс медальмен бітірген ол бір пәнді бекте тапсырып, студент атанды. Аға қамқорлығымен институттан да үздік төмамдады. Ол диплом алғандан соң облыс орталығында қалмай, туған жерге оралып, бір жағы, қасында болғанын дұрыс көрсете керек. Ауданның іргелі шаруашылықтарының бірі — «Алтай» совхозында дәрігер болған Аяуб інісі алдал қызметімен халық құрметіне бөленді, ауру-сырқауға шалдыққан талай жаңға шалағаты туы.

Сондай-ақ жиені Бақыржанның да талабымен Орал қаласындағы ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсуіне бағдар береді. Ол да нағашының үмітін ақтап, сөнімінен шығады. Байғанин ауданының экономикасын көтеруге лайықты ашық қосты.

...Ұстаздан тараған ұлағат талай жас буына жігер берді. Өзінің жиыратты ғұмырын кейінгі толқына үлгі беруге арнаған Мұханбедін Нұрбергеновтің көзі тірі болғанда бұлше де тоқсан жасқа толатын еді. Оның өлеулі өсімі ұшқашан ұмытылмайды...

Нұрмұханбет ДИЯРОВ.